

1-ші наурыз – 4-«Ә» сыныбында «Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күніне» орай сынып сағаты өтті. Сынып жетекшісі: Асанбаева Гүлшат Кайржанқызы. Мақсаты: оқушыларға азаматтық қорғаныс туралы түсінік беру, төтенше жағдайлардың алдын алу. Сынып сағатында өрттен сақтану, су қауіпсіздігін сақтау және тағы басқа көптеген апатты жағдайлардан сақтанудың жолдары айтылды. Оқушылар суреттерін салып, «Құтқарушы» тақырыбында эссе жазды. Эвакуацияға далаға шығу жолдары көрсетілді. Сонымен қатар, осы күні «Алғыс айту» күніне орай 2-«Ә» сыныбында сынып сағаты өтті. Оқушылар бір-бірлеріне, ұстаздарына, ата-аналарына, жақын жандарға, достарына, өмірге деген шексіз алғыстарын білдіріп, жылы лебіздерін айтты және ашықхаттар мен стикерлерге жазды. Сынып сағаттары өте қызықты өтті.



